

**Г.А. Садыханова,**  
«Экономика» кафедрасының меңгерушісі,  
э.ғ.к., профессор м.а.,

**Г.К. Иляшова,**  
2-курс PhD докторанты  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

## **Өзін-өзі жұмыспен қамтудың пайда болуының алғышарттары және даму тенденциялары**

### **Кіріспе**

Халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуы, көптеген елдерде, соның ішінде әсіресе, Кеңестік Одақта болған елдерде, мемлекет, жұмыс істеуге ынталы адамдарды толығымен дерлік жұмыспен қамти алмаған жағдайда өзекті бола бастаған. Ал адамдарға мемлекет тарапынан көмек беру елде белсенді жұмыспен қамту саясатын жүргізу арқылы мүмкін болмақ.

XX ғасырдың 90-жылдары орын алған өтпелі экономика кезінде елде болған экономикалық дағдарыс, жұмыспен қамту мәселесін шиеленістіріп жіберген еді, сондықтан да халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтудағы әлеуетін еңбек нарығында қолдану өте пайдалы болып келеді. Яғни, бұл бір жағынан халық еңбегінің жүзеге асуына, екінші жағынан халықтың табыссыз қалмауына себеп болып келеді. Сол үшін де халықтың өмір сүру деңгейін арттыруда, елдегі ішкі экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешуде өзін-өзі жұмыспен қамтудың жаңа түрлері мен нысандарына бағдарлана отырып, оны дұрыс бағытта жетілдірген өте тиімді болып келеді.

### **Негізгі бөлім**

Нарық жағдайында халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуы, экономикадағы іскерлік белсенділіктің даму деңгейін көрсететін құбылыс болып келеді. Нарықтық экономика кезіндегі өзін-өзі

жұмыспен қамту деген – бұл сөзсіз орын алатын және болатын процесс, сондай-ақ ол нарықтық қатынастарға тән элемент болып табылады. Өйткені, жеке сектордағы іскерлік белсенділіктің басымдығы және табыс алудағы қызығушылықтың артуы, әрбір еңбекке жарамды халықтың жауапкершілігінің барлығы нарықтық қоғамда ерекше мәнге ие болып келеді. Сондықтан да, экономиканы дамыту үшін, ондағы іскерлік белсенділік пен жұмысбастылықты ынталандыруға жаңа еңбектік құлшыныстар қажет. Бұл құбылыс (халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуы) бүгінде көптеген дамыған және дамушы елдерде объективті түрде орын алған.

Өзін-өзі жұмыспен қамту бүгінгі күні экономиканың барлық секторларында кең таралған. Оның жалғыз ғана шарты бар, ол – тауарлар мен қызметтер өндірісінде үлкен капиталдық салымдар мен еңбекті ұйымдастырудың күрделі нысандары болмауы керек. Бұл жағдайды батыс елдерінің практикасы да дәлелдеп отыр. Өйткені мәні жағынан өзін-өзі жұмыспен қамту, ғасырлар бойында еңбекті ұйымдастырудың негізгі түрі бола отырып, экономиканың өркениеттік дамуымен жалғаса жүрген. XX-ғасырдың басы батыс елдері үшін жалдамалы жұмысшылардың санының күрт өсуімен ерекшеленді. Яғни Батыс Еуропа және Солтүстік Америка сонымен танылды. Оған бірнеше себептер


әсер еткен еді. Біріншіден, еңбекті механикаландыру, ауыл шаруашылығында жаңа технологиялар мен пестицидтерді қолданудың арқасында өндірістің ірі нысандары өмірге ене бастады да, ол өз кезегінде, сондағы шағын қожалықтардың күйреуіне әкелді. Екіншіден, өнеркәсіп, миллиондаған еңбек күштерін жұмыссыз қалдырды. Үшіншіден, ірі қойма-дүкендер және үлкен сауда дүкендері жанұялық шағын сауда орындарын ығыстырып отырды, ал олардың иелері көп жағдайда өз істерін жабуға мәжбүр болды, және т.б. Жалпы осы кездері экономикалық белсенді адамдардың қатарында өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың үлесі айтарлықтай маңызды болды және де оның саны елдер бойынша әртүрлі еді. Оның саны ХХ-ғасырдың 70-80-жылдарында қатты өсті. Экономиканың постиндустриалды сипатының шегіне ену үшін, ірі кәсіпорындар адамдарды жаппай жұмыстан шығаруға мәжбүр болды. Ал осы кезде жұмыссыз қалған көптеген адамдар өмір сүрудің көзін іздей бастады. Өзін-өзі жұмыспен қамту – осы кезде жұмыстың жақсы жолы болып табылды. Қазіргі ақпараттық қоғамда жұмысбастылықтың бұл түрі көбінде жемісті бір мансапты жасауға мүмкіндік береді. Жақсы өрбіген өндірістік инфрақұрылымы жоқ және де жұмыссыздығы жоғары аймақтарда өзін-өзі жұмыспен қамтудың дамуы, әдетте, әлеуметтік шиеленісті шешуге ықпал етеді [1].

Өз еліміздің өтпелі экономика кезеңін алып қарасақ та, өзін-өзі жұмыспен қамту, адамдардың өз еңбектерін ұйымдастырудың негізгі түрі бола отырып, экономикада кәсіпкерліктің пайда болуына түрткі болған деуге болады, өйткені сол кезеңдерде әркім өз қабілетіне және мүмкіндігіне қарай әлеуметтік шиеленістен шығуға тырысқан еді. Экономика дамуының әр сатысында, өзінің сипаты мен қоғамдық процесстердің мәнін ашатын

белгілі бір жұмысбастылық моделі сай болады. Мемлекеттің қоғамдағы рөлі, адамдардың барлығына, өздерінің еңбекке деген қабілеттіліктерін жүзеге асыру үшін оларға теңдей құқықтық жағдайлар туғызуында жатыр. Жұмысбастылыққа жәрдемдесетін мемлекеттік саясат қоғамдағы барлық азаматтарға, жынысына, діни сенім-нанымына, жасына, саяси ұстанымына, ұлтына, әлеуметтік жағдайына байланыссыз еңбектегі құқығын жүзеге асыруға және қабілеті мен кәсіби даярлығына сәйкес жұмыс түрін таңдаудағы еркіндігін, жеке өз мүдделері мен қоғамдық қажеттіліктерді ескере отырып қамтамасыз етеді.

Суреттен көріп отырғанымыздай, өзін-өзі жұмыспен қамтушы халық ең алдымен, еңбекке жарамды халық және де ол бір жағынан, жұмыссыздар деп қарастырылса, екінші жағынан, ол жұмысбасты халық, өйткені ол әртүрлі жұмыстарды атқарып табыс алады және әрдайым жұмыс іздеп жүреді, яғни экономикалық белсенді болып табылады. Бірақ та олар ресми түрде жұмыссыз деп тіркелінбейтіндіктен, ресми статистикадағы жұмыссыздар қатарын азайтып отырады. Өзін-өзі жұмыспен қамтушы халықтың саны соңғы жылдары азайып келе жатқанын байқап отырмыз, өйткені 2013 жылдың 4-тоқсанында олардың саны 2596,0 мың адамды құраған (бұл сол кездегі жалпы жұмысбастылардың 30,3 %-ын құраған еді) [2].

Нарықтық экономика жағдайында Ресей мен Қазақстан үшін өзін-өзі жұмыспен қамту деген құбылыс ерекше өзекті бола бастады. Жұмысбастылықтың бұл түрі, тұрақты немесе уақытша табыс алу және де өмірде өзін жүзеге асыру үшін жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында, өздерінің жеке қорларының есебінен жекелеген азаматтардың белгілі бір еңбек түрімен айналысуды өз беттерінше іздеуді және жұмыс орындарын құруды білдіреді.



Сурет 1 – Еңбекке жарамды халық құрамы

Өзін-өзі жұмыспен қамтудың таралуының елдегі тұрақсыз экономикалық жағдаймен қатар келуі, нарықта «жасырын жұмысбастылық» құбылысының пайда болуына түрткі болды. Нақтысында ол, сол өзін-өзі жұмыспен қамту еді, бірақ бұл жағдайда жеке еңбек іс-әрекеті мен одан түсетін табыс жарияланбайды, яғни өзін-өзі жұмыспен қамтушы субъектілер салық төлеуден қашады да көлеңкелі немесе жартылай көлеңкелі экономика сферасында әрекет етеді.

Осыдан келіп, нарықтық экономикадағы жұмысбастылықтың негізгі белгілеріне келесілерді жатқызуға болады:

- жұмысбастылық деңгейінің нарық конъюнктурасына толық тәуелділігі, яғни еңбек ресурстарын бөлу арқылы жүргізілуі (еңбек нарығындағы жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныс арқылы);

- жұмысбастылықтың тиімділігі және ұтымдылығы;

- шаруашылық жүргізудің түрлері мен нысандарына қарай белгілі бір іспен шұғылдандуды тандаудағы еркіндік.

Жалпы нарықта жұмысы жоқтардың барлығын үшке бөлуге болады: жұмыс іздеушілер, жұмысты іздемеушілер және

уақытша жұмысы жоқтар. Айта кету керек, халықаралық стандарттар бойынша (Халықаралық еңбекті ұйымдастыру - ХЕҰ), еңбекке жарамды жастағы, белсенді түрде жұмыс іздеуші және жұмыс істеуге дайын, бірақ жұмысы жоқ еңбекке жарамды азаматтар, жұмыссыздар деп танылады. 1998 ж. №168 «Жұмысбастылықты және жұмыссыздықтан қорғауды насихаттау туралы» Конвенцияға сай, толық жұмыссыздық деген «еңбек ете алатын, еңбек етуге дайын және шынымен де жұмыс іздеп жүрген тұлғаға қатысты, оған лайық жұмысты таба алмау мүмкіндігінің жоқ болуы себебінен табысынан айырылуды» түсінеміз [3].

Сонымен, тиісінше, жұмысбастылықтың, экономикалық құбылыс ретінде, жұмысы жоқ немесе жұмыссыздық деген өзінің баламалары бар. Жұмыссыздық жағдайы келесідей сипаттамалардан көрінеді:

1) «жұмысы жоқ», яғни жалдамалы жұмыстың жоқтығы немесе өзін-өзі жұмыспен қамту түрі бойынша;

2) қандайда бір дағдылардың болуы, белгілі уақытта жұмыс істей алу қабілеті мен дайын болуы;

3) жалданып жұмыс істеуді немесе жеке кәсіпорындағы жұмысты іздеуде практикалық қадамдарды жүзеге асыру.

Осы келтірілген критерийлердің арқасында, тиісті ұйымдардың адамды жұмыссыз деп мойындауы немесе мойындамауына байланыссыз, оның жағдайын жұмыссыз деп объективті түрде анықтауға болады [4].

Әрбір критерийдің өзінің мағыналық жүктемесі бар. Мұнда «жұмысы жоқ» деген критерий, еңбекке жарамды халықты жұмысбасты және жұмысбасты емес деп бөлуге мүмкіндік береді. Мысалы, әрдайым қандай да бір кездейсоқ уақытша жұмысы бар, бірақ тұрақты жұмысты белсенді түрде іздеп жүрген тұлға, жұмыссыз емес, жұмысбасты халықтың қатарына жатқызылады, яғни бұл жерде 2 және 3-критерийлер бар да, 1-критерий жоқ.

Міне осы критерий бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтушы адамдар анықталады немесе көрінеді, олар өз кезегінде, жеке кәсіпорындары бола отырып (заңды немесе заңсыз) және белгілі бір табыс ала отырып, ресми түрде жұмыссыз деп танылмайды, өйткені олар тиісті мемлекеттік органдарда жұмыссыз ретінде тіркелінбеген. Олай дейтініміз, көлеңкелі немесе жартылай көлеңкелі экономикада жүрген көптеген өзін-өзі жұмыспен қамтушы адамдар, заңды жұмыс істегісі және өздерінің табыстарын жариялағысы келмейді, яғни олар салық төлегісі келмейді және зейнетақылық салымдар жасамайды. Ондай адамдар өкінішке орай, елде өте көп, және де солар ұлттық экономикада өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың «әскерін» толтыруда. Ал мемлекет, өз кезегінде, солардың есебінен экономикадағы жұмыссыздардың санының статистикасын қысқартады немесе төмендетеді, осы кезде елде тұрақты экономикалық өсу мен еңбек нарығында тұрақтылық жағдайы орын алғандай көрініс туындайды.

«Дайындық» критерийі (2) жұмыссызды жұмысы жоқтан қандай да бір себеп бойынша ажыратуға мүмкіндік береді, яғни жұмыс орны болғанда жұмыссыз адам жұмысты бастауға және жұмыс істеуге қабілетті болуы керек. Егер қандай да бір себеппен (денсаулық жағдайы, отбасылық жағдайы, ерікті қоғамдық жұмыстарды істеу және т.б.) олай болмайтын болса, онда сол тұлғаны жұмысы жоқ азаматтардың санатына қосады, бірақ жұмыссыздарға емес. Айта кету керек, бұл критерий, жұмыссыз адам жұмысқа кірісуі керек уақыт деп саналатын белгілі бір есепті кезеңнің болуын білдіреді. Есепті кезеңнің қысқаруы, жұмысқа кірісуге дайын емес адамдардың санын арттырады, яғни оларды жұмыссыздардың қатарынан шығару деген сөз (тиісті жеңілдіктерді ала отырып).

«Жұмыс іздеп жүр» деген критерий, адам белсенді түрде жұмыс іздеп жүр, бірақ осы кезде онда ешқандай, тіпті кездейсоқ та уақытша табысы болмайды.

Жұмысбастылық сферасындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың ерекшелігі, елдегі алдыға қойылған әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясының, әлемдік шаруашылықтағы байланыстар жүйесіне интеграциялық бейімделудің жұмысбастылық саясатын жасауда және Төртінші өнеркәсіптік революция дәуірінде алға қойған мақсаттар мен міндеттерге жету механизмін таңдауда, еңбек нарығында сапалы түрдегі жана көзқарастардың болуын талап етуімен анықталады.

Бүгінде әлемнің көптеген елдерінде халықтың жұмысбастылығы мен жұмыссыздығы туралы мәліметтерді құрған кезде еңбек нарығында іріктеп, таңдау әдісін жиі қолданады, яғни ол халыққа сауалдар қою арқылы жүргізіледі, сондай-ақ бұл әдіс Халықаралық еңбек ұйымының критерийлеріне сай экономикалық іс-әрекетпен айналысатын, жұмыссыздар және экономикалық белсен-

ді емес тұлғалардың әрекетін өлшеуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында халықтың жұмысбастылығын зерттеу 2001 жылдан бастап квартал сайын жүргізіледі (жылына 4 рет), оның барысында 15 жас және одан ересек жастағы адамдардың 75 мыңға жуығы статистикалық зерттеуде қамтылады. Зерттеу кезінде елдің барлық өңірлері қамтылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің қолданатын еңбек нарығының негізгі индикаторларын есепке алу әдіснамасы, өзін-өзі жұмыспен қамтушы халықтың санын қосқанда, Халықаралық еңбек ұйымының халықаралық стандарттарына сай келеді.

Жұмысбастылық мәртебесінің халықаралық жіктемесіне сай (ICSE-1993) жұмысбастылар жалдамалы (ақы төленетін) жұмысшылар және өзін-өзі жұмыспен қамтушыларға бөлінеді. Өзін-өзі жұмыспен қамтушы халықтың құрылымы статистикалық мәліметтерде ҚР Статистика жөніндегі агенттіктің №3 10.01.2013ж. бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың санын, олардың орта айлық табыстарының деңгейі мен жұмыссыз халық санын анықтау әдістемесіне» сай анықталады.

Осы жаңа әдістемеге сәйкес, Қазақстанда барлық өзін-өзі жұмыспен қамтушылар екі топқа бөлінген: өнімді жұмысбастылар (нәтижелі жұмыспен қамтылғандар) және өнімсіз жұмысбастылар (жұмыспен нәтижесіз қамтылғандар). Мұндай топтарға бөлудің негізгі критерийі болып, тауарлар мен қызметтер өндірісінен алынатын орташа айлық табыстардың деңгейі жүреді. Оған қоса, орташа айлық табыстардың деңгейі Қазақстанның әрбір өңірінде қалыптасқан ең төменгі өмір сүру мөлшерімен сәйкестендірілген.

2013 жылдың төртінші тоқсанында өзін-өзі жұмыспен қамтушы халықтың жалпы санынан өнімді жұмысбастылар үлесі 64,5 %-ды, ал өнімсіз жұмысбастылар – 35,5 % құраған.

Жалдамалы жұмысбастыларға, төлем ақысы сыйлық (жалақы) түрінде жүретін, жалдану шарты бойынша (жазбаша немесе ауызша) жұмыс істейтіндер жатады. Өзін-өзі жұмыспен қамтушылар – бұл жалданып жұмыс істемейтіндер.

Өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың келесідей топтарын ажыратады:

- жұмыс берушілер;
- өз бетінше жұмыс істейтіндер;
- жанұялық кәсіпорындардың ақы төленбейтін жұмысшылары;
- кооператив мүшелері.

Жұмыс берушілерге, қандай да бір экономикалық іс-әрекет түрінде кәсіпкерлік қызметпен айналысатын және тұрақты негізде бір немесе бірнеше жұмысшылардың жалдамалы еңбегін қолданатын тұлғалар жатады.

Өз бетінше жұмыс істейтіндер – бұл, қандай да бір экономикалық іс-әрекет жүргізетін және тұрақты негізде жалдамалы жұмысшыларды жалдамайтын тұлғалар.

Жанұялық кәсіпорындардың ақы төленбейтін жұмысшылары – бұл, өздерінің еңбегі үшін сыйларын жалақы түрінде емес, пайданы ішкі жанұялық бөлу негізінде алатын жұмысшылар. Кооператив мүшелеріне, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын еңбек кооперативтерінің мүшелері болып табылатын тұлғалар жатады.

Қазақстанда 2013 жылдың төртінші тоқсанындағы халықтың жұмысбастылығын ішінара зерттеу қорытындысы бойынша, өзін-өзі жұмыспен қамтушылар саны 2596 мың адам болды (жалпы жұмысбастылар санының 30,3 пайызы), соның ішінде жұмыс берушілер – 160,7 мың, өз бетінше жұмыс істейтіндер – 2388,3 мың, жанұялық кәсіпорындардың көмекші жұмысшылары – 32,2 мың, кооператив мүшелері – 14,8 мың адам.

«Өзін-өзі жұмыспен қамтушы халық» санатындағы негізгі үлесті өз бетінше жұмыс істейтіндер құрайды (92 пайыз). Бұл, өз бетінше немесе, бір не бірнеше серіктестермен жұмыс істей отырып, өзін-өзі жұмыспен қамту негізінде әрекет ететін және тұрақты негізде жұмысшыларды жалдамайтын тұлғалар. Өз бетінше жұмыс істейтіндердің ішінде 63,3% – жеке-дара негізінде еңбек етеді (тіркелінген және тіркелінбеген жеке кәсіпкерлер), 36,7% – өзінің жеке ауласында өнім өндірумен айналысады (өзі жеке тұтыну үшін және де сату үшін де). Жеке ауласында жұмыс істеушілердің жартысынан көбі (52,4%) осы өзінің жеке ауласынан алынған өнімдерді сатып табыс алған.

Орта есеппен алғанда бір өзін-өзі жұмыспен қамтушы адам аптасына 35 сағат жұмыс істейді (2010 жылы – 31 сағат), және тек қана барлық өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың 0,4 пайызы – аптасына бес сағат және одан аз жұмыс істейді.

Ал дамыған елдерде өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың жалпы жұмыс-бастылардың ішіндегі үлесі 12-14 пайыздай көлемді ғана құрайды. Мысалы, Францияда – 11 пайыз, Германияда – 11,6, Ұлыбританияда – 14,6, Чехияда – 18,5, Италияда – 25,1, Кореяда – 28,2, Түркияда – 37,1.

2013 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, ҚР Статистика жөніндегі агенттігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (ЕжХӘҚМ), Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі (ЭжБЖМ), Өңірлік даму министрлігі (ӨДМ) және Ауыл шаруашылығы министрліктерімен (АШМ) біріге отырып, өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың санын анықтаудың жаңа әдістемесін бекіткен болатын. Ол әдістеме бойынша олардың санымен қатар, орташа айлық табыстарының деңгейін және Қазақстан Республикасындағы жұмыссыз халықтың санын анықтауға болады.

Әдістеменің негізгі мақсаты, өнімді жұмысбастылыққа жатқызу үшін, соның ішінде «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» механизмі арқылы тұлғалардың санатын анықтауға мүмкіндік беретін, сондай-ақ өзін-өзі жұмыспен қамтушы халықты ресмилендіруге және зейнетақымен қамтамасыз ету мен әлеуметтік сақтандыру жүйесіне енгізу үшін, өзін-өзі жұмыспен қамтушы халықтың құрылымын қалыптастыру болып табылады [5].

Сонымен, өзін-өзі жұмыспен қамту деген – жалдамалы жұмысқа қарағанда, тікелей тапсырыс берушілерден, өзінің еңбегі үшін өмір сүруге қажетті сый алудың түрі болып табылады. «Өзін-өзі жұмыспен қамтушы» мәртебесін тандаған адам, жұмысты, өзінің жеке ісінің шегінде өз бетінше табады.

Өзін-өзі жұмыспен қамтушы еңбек қатынастарын шарт түрінде рәсімдейді және де өзінің жұмысы үшін жауапты болады, еңбек процесін ұйымдастырады, келісім-шарттық жұмысты дербес немесе туыстық не артельдік қатынастармен байланысқан өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың тобының құрамында орындайды.

Өзін-өзі жұмыспен қамтушылар кәсіпкерлік іс-әрекет жүргізеді, бірақ соған қарамастан, классикалық түсінік бойынша кәсіпкер болып танылмайды, өйткені олар қайтарымсыз алынатын қосымша құнды жасамайды, өздерінің алған табыстарын, жеке еңбектік қатысуға сәйкес жұмысшы топтың ішінде бөледі.

Қазақстан экономикасында 2016 жылдың сәуір айындағы бағалау бойынша, 8,5 млн адам жұмысбасты болған. Жұмысбасты халықтың ішінде сол көрсетілген кезеңде жалдамалы жұмысшылар саны 6,2 млн адамды құраған (жалпы жұмысбастылардың 73,4%) [6].

2016 жылдың I тоқсанының мәліметтері бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтушы халықтың жалпы санының


ішінде өнімді жұмысбастылар үлесі 81,2%-ды, ал өнімсіз жұмысбастылар – 18,8%-ды құраған.

2016 жылдың сәуір айында жұмыссыздар саны статистикалық бағалау бойынша 439,3 мың адам болған, жұмыссыздар деңгейі – 4,9 %. Ресми түрде 2016 жылдың сәуір айының соңында жұмысқа орналастыру органдарында тіркелгендер саны – 74,7 мың адам болған. Осы кезде тіркелген жұмыссыздар саны экономикалық белсенді халықтың 0,8%-ын құраған. 2016 жылдың I тоқсанындағы статистикалық бағалау бойынша жасырын жұмыссыздықтың деңгейі экономикалық белсенді халықтың 0,5% құраған (45,2 мың адам).

ҚР өзін-өзі жұмыспен қамтушы халық саны осы кезде үшінші тоқсан қатарынан төмендеп келеді – 2016 жылдың бірінші жарты жылдығының қорытындысы бойынша ол 2,2 млн адамнан төмен болған. Ең көп өзін-өзі жұмыспен қамтушы халық Оңтүстік Қазақстан облысында тіркелінген – жарты миллионға жуық адам.

2015 жылдың IV тоқсанынан бастап өзін-өзі жұмыспен қамтушы халық саны (өндірілген тауарлар мен қызметтерден түскен пайда немесе табысты алуда өздері үшін жұмыс істеушілер) Қазақстанда үздіксіз төмендеуде, орта есеппен тоқсан сайын 53 мың адамға. Нәтижесінде 2016 жылдың II тоқсанында абсолютті төменгі мөлшер белгіленген – 2 179 мың адам.


Өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың жалпы санының төмендеуімен қатар, олардың жұмысбасты халықтың жалпы құрылымындағы үлесі де қысқаруда. 2014 жылдың соңында жалдамалы жұмысшылардың үлесі 70%-дан асқан, ал 2016 жылдың екінші тоқсанында бұл көрсеткіш 74%-дан жоғары үлесті құраған. Тиісінше, өзін-өзі жұмыспен қамтушы халық үлесі 25,7%-ға дейін төмендеген, ол деген азаматтардың, жеке кәсіпкерлікпен және басқа да табысты іс-әрекетті өз бетінше жүргізуге ынталарының қысқарғандығын білдіреді [7].



Сурет 2 –Қазақстандағы өзін-өзі жұмыспен қамтушы халық топтарының динамикасы

Бұл мәлімет Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика жөніндегі комитетінің ресми деректері негізінде жасалынған. Осы деректер бойынша, 2-ші суреттен көріп отырғанымыздай, соңғы жылдары өзін-өзі жұмыспен қамтушы халық саны біртіндеп төмендеп келеді, соның ішінде өнімсіз жұмысбастылар (жұмыспен нәтижесіз қамтылғандар) саны күрт төмендегенін байқауға болады. Осы мәліметтерге сүйене отырып айтсақ, өзін-өзі жұмыспен қамтушы халық санының азаюы, олардың шағын және орта бизнеспен айналысушы адамдардың қатарына белсенді түрде ене бастағандығын білдіреді, яғни ресми кәсіпкерлік ортаға тартыла бастаған. Оған себеп, елімізде Өнімді жұмысбастылық (жұмыспен нәтижелі қамтылғандар) пен жаппай кәсіпкерлікті дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы (2017-2021 жылдардағы «Еңбек» бағдарламасы) және Бизнесі мемлекеттік қолдау бағдарламалары болып отыр. Өйткені қазір елімізде Бірыңғай электронды еңбек биржасы, «Бизнес аумағы» деген электронды порталдар ашылып, адамдардың өз істерін ашу бойынша кеңес берушілік, ақпараттық қызметтер он-лайн жұмыс істеуде.

Гендерлік жағынан өзін-өзі жұмыспен қамтушы халық құрылымында ер адамдардың үлесі жоғары – олардың саны әйел адамдарға қарағанда 1,2 есе көп. 2015 жылдың II тоқсанымен салыстырғанда өзін-өзі жұмыспен қамтушы ер адамдар саны 3,1%-ға қысқарған, ал осы кезде өзін-өзі жұмыспен қамтушы әйел адамдар саны – 8,8%-ға дейін төмендеген. Қалалық жерлерде 2016 жылдың II тоқсанында өзін-өзі жұмыспен қамтушы халық санының 47%-нан көбі әйел адамдар болса, олар ауылдық жерлерде 44,1%-ды ғана құрайды.



Сурет 3 – Өзін-өзі жұмыспен қамтушы халықтың гендерлік сипаты

3-ші суреттегі мәліметтер бойынша айтатын болсақ, Қазақстан Республикасындағы өзін-өзі жұмыспен қамтушы халық санындағы ерлер үлесі басым, ол 2016 жылдың II тоқсанында 52%-ды құраған.

1-кестеден көрініп тұрғандай, өзін-өзі жұмыспен қамтушы халық саны жағынан Оңтүстік Қазақстан облысы абсолютті лидер болып отыр. Сонымен қоса, ол өнімді жұмысбастылар саны бойынша үшінші орынды алып отыр – 2016 жылдың II тоқсанында 97% (Астана қаласы – 100% Атырау облысынан кейін (98,2%). Үлгілі көрсеткіш фактісі ретінде экономикалық ең белсенді өңірлердегі (Астана – 0,9%, Алматы – 0,2%) және де мұнай өндіретін облыстардағы (Маңғыстау –1,3% және Атырау – 0,0%) өзін-өзі жұмыспен қамтушы халықтың санының ең аз болуын атап өтуге болады.



Кесте 1 – Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтушы халық саны

Өзін-өзі жұмыспен қамтушы халық, ҚР өңірлері, 2016 II тоқсан (мың адам)								
	Өзін-өзі жұмыспен қамтушылар		Соның ішінде өнімді жұмысбастылар (нәтижелі жұмыспен қамтығандар)		Өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың өсуі		ҚР-дағы үлесі	
	2016/II	2015/II	2016/II	2015/II	2016/II		2016/II	2015/II
Қазақстан	2 179,2	2 311,6	85,8 %	76,2 %	-132,3	-5,7 %	100 %	100 %
Оңтүстік Қазақстан облысы	498,2	507,7	97,0 %	91,8 %	-9,5	-1,9 %	22,9 %	22,0 %
Алматы облысы	248,4	272,4	72,2 %	64,9 %	-24,0	-8,8 %	11,4 %	11,8 %
Жамбыл облысы	228,7	243,8	74,9 %	63,8 %	-15,1	-6,2 %	10,5 %	10,5 %
Шығыс Қазақстан облысы	189,6	213,9	89,1 %	76,5 %	-24,3	-11,4 %	8,7 %	9,3 %
Қостанай облысы	176,6	183,5	85,9 %	85,2 %	-6,9	-3,8 %	8,1 %	7,9 %
Ақмола облысы	144,5	138,4	87,3 %	67,5 %	6,1	4,4 %	6,6 %	6,0 %
Қызылорда облысы	121,2	104,6	80,4 %	68,1 %	16,6	15,9 %	5,6 %	4,5 %
Батыс Қазақстан облысы	118,0	118,2	85,5 %	81,9 %	-0,2	-0,2 %	5,4 %	5,1 %
Солтүстік Қазақстан облысы	96,2	109,4	95,2 %	87,8 %	-13,2	-12,1 %	4,4 %	4,7 %
Қарағанды облысы	76,4	111,7	72,2 %	54,0 %	-35,3	-31,6 %	3,5 %	4,8 %
Павлодар облысы	75,1	92,0	91,9 %	68,0 %	-16,9	-18,4 %	3,4 %	4,0 %
Ақтөбе облысы	75,1	84,6	69,4 %	59,9 %	-9,5	-11,2 %	3,4 %	3,7 %
Атырау облысы	29,4	29,4	98,2 %	88,7 %	0,0	0,1 %	1,3 %	1,3 %
Манғыстау облысы	12,8	14,1	87,2 %	55,1 %	-1,3	-8,9 %	0,6 %	0,6 %
Алматы қаласы	65,7	65,5	92,5 %	86,6 %	0,2	0,2 %	3,0 %	2,8 %
Астана қаласы	23,4	22,4	100,0 %	95,2 %	0,9	4,2 %	1,1 %	1,0 %

Ескерту: Есептеулер ҚР ҰЭМ СК мәліметтері негізінде «Ranking.kz» ұйымы жасаған

### Қорытынды

Еліміздің еңбек нарығындағы белсенді жұмысбастылық саясаты шегінде өзін-өзі жұмыспен қамтушыларды дамытуға ықпал ететін, кәсіпкерлік дағдыларға және шағын бизнесті жасауға үйрететін бағдарламалар барған сайын үлкен мәнге ие болып келе жатыр. Жеке меншік иелерінің және кәсіпкерлердің топтық қатарының қалыптасуы, тауарлар мен қызметтер өндірісіндегі жеке сектордың бәсекеге қабілеттілігінің өсуі экономикадағы күрделі жағдайды жеңілдетуге, қоғамдағы әлеуметтік шиеленісті шешуге көмектеседі. Мысалы, кәсіптік дайындау мен қайта даярлауды насихаттау, дамыған елдердегі жұмысбастылықтың белсенді саясатының маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Бұл ең алдымен, персоналдың біліктілігін әрдайым арттыруды талап ететін, экономикадағы технологиялық және ұйымдық өзгеріс-

тердің жоғары қарқындылығымен байланысты. Барлық елдердің тәжірибесі, біліктілік өскен сайын жұмыссыз қалу ықтималдылығы төмендейтіндігін көрсетіп отыр. Міне осы мысалды біздің де, қазақстандық еңбек нарығы да басшылыққа алып отыр, яғни «Бизнестің жол картасы -2020» Мемлекеттік бағдарламасы арқылы кадрларды оқыту және қайта даярлау жүйесін жүзеге асырып жатыр.

Сонымен, еліміздің индустриаландырылу бағытындағы маңызды қадам, 2011 жылы ҚР Үкіметінің қабылдаған «Жұмыспен қамту – 2020» Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру болды. Оның негізгі бағыттары мыналар:

- еңбек нарығындағы өзін-өзі жұмыспен қамтушыларды, жұмыссыздарды және табысы төмен адамдарды оқыту мен жұмысқа орналастыруға көмектесу;

- ауылда кәсіпкерліктің дамуына ықпал ету және еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру.

*Пайдаланылған әдебиеттер көзі*

1. Тово Марио. Самозанятость населения в Италии//Человек и труд. - 2003. - № 2. - С.74- 77.
2. Самозанятые в Республике Казахстан – кто они такие? - <https://uchet.kz/news>
3. Конвенция и рекомендация, принятые Международной конференцией труда. – Женева, 1991.- Т.2.- С.2171
4. Нурмагамбетов А.М. Рынок труда: правовые проблемы и перспективы. - Алматы: ТОО «Баспа», 2014. - 263с.
5. G-Global: А.Е.Калкабаева Исследование рынка труда и занятости Республики Казахстан
6. ҚР ҰЭМ СК Ресми сайты - <http://www.stat.gov.kz>
7. <http://www.Zakon.kz>
8. <http://www.ranking.kz>.
9. <http://www.enbek.gov.kz/index.php>
10. <https://www.damu.kz> «Новая программа занятости-2020»
11. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» - Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар - <http://www.karlib.kz/index.php/kz/prezident-zholdauy>

*References*

1. Tovo Mario. Samozanyatost naseleniya v Italii. Shelovek I trud. №2. 2003. S.74- 77 (in Russ.).
2. Samozanyatie v Respublike Kazakhstan. Kto oni takie? - <https://uchet.kz.news> (in Russ.).
3. Konvenciya i rekomendacia, prinyatie meshdunarodnoi konferenciei truda. Zheneva, 1991. T2. C.2171 (in Russ.).
4. Nurmagambetov A.M. Rinok truda: pravovie problemi I perspektivi. Almaty: TOO «Baspa», 2014. 263s. (in Russ.).
5. G-Global: A.E.Kalkabaeva Issledovanie rinka truda I sanyatosti Respubliki Kazakhstan (in Russ.).
6. <http://www.stat.gov.kz> (in Russ.).
7. <http://www.Zakon.kz> (in Russ.).
8. <http://www.ranking.kz>. (in Russ.).
9. <http://www.enbek.gov.kz/index.php> (in Russ.).
10. <https://www.damu.kz> «Новая программа занятости-2020» (in Russ.).

11. <http://www.karlib.kz/index.php/kz/prezident-zholdauy>. 10.01.2018. (in Kaz.).

**Аннотация**

В статье показаны предпосылки, условия и тенденции развития самозанятости в Республике Казахстан. Увеличение социальной и деловой активности граждан в частном секторе, ответственности каждого трудоспособного за самообеспечение имеет на рынке особое значение. Поэтому цель данной статьи – выявить тенденции развития самозанятости на казахстанском рынке труда как обязательный, объективно присущий элемент рыночных отношений и провести анализ текущего состояния. Выполнена оценка потенциала самозанятости в мировой практике и сделан статистический анализ состояния отечественного рынка труда. Кроме того, в ходе анализа эффективности принятых государственных программ в области занятости РК, определены основные направления деятельности.

*Ключевые слова:* занятость, безработица, самозанятость, рыночная экономика, бизнес, предпринимательство.

**Abstract**

The article considers the prerequisites, conditions and trends of development of self-employment in the Republic of Kazakhstan. Increasing the social and business activity of citizens in the private sector, the responsibility of each able-bodied for self-sufficiency has a special significance on the market. And therefore, the purpose of this article is to identify trends in the development of self-employment in the Kazakhstan labor market as an obligatory objectively inherent element of market relations and to analyze its state. An assessment of the potential for self-employment in world practice was made and a statistical analysis of the state of the domestic labor market was made. As well as analyzing the effectiveness of the adopted state programs in the field of employment, the main areas of activity have been identified.

*Key words:* employment, unemployment, self-employment, market economy, business, entrepreneurship.